


КазНУ имени аль-Фараби
Факультет географии и природопользования
Кафедра рекреационной географии и туризма
050040, г. Алматы, пр. аль-Фараби, 71, ГУК-6
Республика Казахстан
Тел.: +7 (727) 377-33-33 (вн. 12-28)
<https://www.kaznu.kz/>



**«ТУРИЗМ САЛАСЫН ДАМУДАҒЫ ҚАЗІРГІ
ЗАМАНҒЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ» атты
VIII халықаралық ғылыми-практикалық
конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ**
29-30 қараша, 2019 ж., Алматы қ., Қазақстан

**МАТЕРИАЛЫ
VIII Международной научно-практической
конференции
«СОВРЕМЕННЫЕ ПРОБЛЕМЫ РАЗВИТИЯ СФЕРЫ
ТУРИЗМА»**
29-30 ноября, 2019 г., г. Алматы, Казахстан

**MATERIALS OF
VIII International Scientific and Practical
Conference
“CONTEMPORARY PROBLEMS OF DEVELOPMENT
OF TOURISM SPHERE”**
November 29-30, 2019, Almaty, Kazakhstan



2019

МАТЕРИАЛЫ
VIII Международной научно-практической конференции
«СОВРЕМЕННЫЕ ПРОБЛЕМЫ РАЗВИТИЯ СФЕРЫ ТУРИЗМА»
29-30 ноября, 2019 г., г. Алматы, Казахстан

ИБ №13637
Басуға 04.06.2020 жылы қол қойылды. Формат 70x100 ¹/₁₆.
Көлемі 12,5 б. т. Тапсырыс №4470. Таралымы 10 дана.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.
Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.
«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Казахский национальный университет имени аль-Фараби
Al-Farabi Kazakh National University

География және табиғатты пайдалану факультеті
Факультет географии и природопользования
Faculty of Geography and Environmental Sciences

Рекреациялық география және туризм кафедрасы
Кафедра рекреационной географии и туризма
Department of Recreational Geography and Tourism

«ТУРИЗМ САЛАСЫН ДАМЫТУДЫҢ
ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ» атты
VIII халықаралық ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

29-30 қараша, 2019 ж., Алматы қ., Қазақстан

МАТЕРИАЛЫ
VIII Международной научно-практической конференции
«СОВРЕМЕННЫЕ ПРОБЛЕМЫ РАЗВИТИЯ СФЕРЫ ТУРИЗМА»

29-30 ноября, 2019 г., г. Алматы, Казахстан

MATERIALS OF
VIII International Scientific and Practical Conference
“CONTEMPORARY PROBLEMS OF DEVELOPMENT OF
TOURISM SPHERE”

November 29-30, 2019, Almaty, Kazakhstan

Редакция алқасының мүшелері:

Артемов А.М., Калимбетов Е.А., Уварова А.К., Жумадилов А.Р., Моминов С.А., Сапиева А.Ж.

Члены редакционной коллегии:

Артемов А.М., Калимбетов Е.А., Уварова А.К., Жумадилов А.Р., Моминов С.А., Сапиева А.Ж.

Ұйымдастыру комитетінің мүшелері:

Артемов А.М., Плохих Р.В., Исакова К.А., Ақтымбаева А.С., Абдреева Ш.Т., Алиева Ж.Н., Молдағалиева А.Е., Калимбетов Е.А., Сапиева А.Ж., Моминов С.А.

Члены оргкомитета:

Артемов А.М., Плохих Р.В., Исакова К.А., Ақтымбаева А.С., Абдреева Ш.Т., Алиева Ж.Н., Молдағалиева А.Е., Калимбетов Е.А., Сапиева А.Ж., Моминов С.А.

«Туризм саласын дамытудың қазіргі заманғы мәселелері» атты VIII халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. 29-30 қараша, 2019 ж., Алматы қ., Қазақстан. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 202 б.

ISBN 978-601-04-5145-2

Жинақта ұсынылған баяндамалар негізінде ғылыми-практикалық конференцияға қатысушылар дайындаған туризмді дамытудың өзекті мәселелері бойынша мақалалар ұсынылған. Туризмді зерттеудің теориялық-әдіснамалық аспектілерімен қатар, әртүрлі өңірлерде туризмді тұрақты дамытуды қамтамасыз ету тәжірибесі қарастырылған. Бірқатар материалдар Қазақстан туризмінің ғылыми зерттеулерінің нәтижелерін, тарих, география, экономика, туристік білім беру және т. б. мәселелерін қоса алғанда шетелдік тәжірибені ұсынады. Қонақжайлылық индустриясының түрлі секторларының инновациялық даму үрдістері көрсетілген. Серпінді өзгермелі экономикалық жағдайында туристік қызметті перспективті түрде жоспарлау мен болжаудың, туристік рынокқа қатысушылардың іс-әрекеттерін үйлестіруді және күш-жігерді біріктіруді талап ететін жана тәуекелдер мен сын-кәтерлердің пайда болуы ерекшеліктері қарастырылды.

В сборнике представлены статьи по актуальным вопросам развития туризма, подготовленные участниками научно-практической конференции на основе представленных докладов. Наряду с теоретико-методологическими аспектами изучения туризма, рассмотрен опыт обеспечения устойчивого развития туризма в разных регионах. Ряд материалов представляет результаты научных исследований туризма Казахстана, зарубежный опыт, включая вопросы истории, географии, экономики, туристского образования и т.д. Отражены тенденции инновационного развития различных секторов индустрии гостеприимства. Рассмотрены особенности перспективного планирования и прогнозирования туристской деятельности в условиях динамично меняющейся экономической ситуации, возникновения новых рисков и вызовов, требующих объединения усилий и координации действий участников туристского рынка.

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENT

ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯ, ТУРИСТІК БІЛІМ САПАСЫ НАУКА И ИННОВАЦИИ, КАЧЕСТВО ТУРИСТСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ SCIENCE AND INNOVATION, QUALITY OF TOURISM EDUCATION

| | |
|---|----|
| Алиева Ж.Н., Қырықбай А.Б., Калиаскарова З.К. ҚАЗАҚСТАНДА АУЫЛ ТУРИЗМІН ДАМУ ТУРАЛЫ МҮМКІНДІКТЕРІ | 6 |
| Ақтымбаева А.С., Бекен А.Н. ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ХАЛҚЫНЫҢ ӨМІР СҮРУ САПАСЫНЫҢ ТУРИЗМГЕ ӘСЕРІ..... | 10 |
| Артемьев А.М. РОЛЬ МЕЖДУНАРОДНОГО СОТРУДНИЧЕСТВА В ПОВЫШЕНИИ КАЧЕСТВА ТУРИСТСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ | 14 |
| Әмірәлі Н.М., Семченко И.В. НОВЫЕ ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ «ШЕЛКОВОГО ПУТИ»..... | 18 |
| Бейсахмет А.А., Нурлан А. ШОППИНГ ТУРИЗМІНІҢ ҚАЗІРГІ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ..... | 22 |
| Добарина И.А., Жигарев О.Л. ПОДГОТОВКА ТУРИСТСКИХ КАДРОВ ДЛЯ СПОРТИВНОГО И КОММЕРЧЕСКОГО ТУРИЗМА В РОССИЙСКОЙ ФЕДЕРАЦИИ | 25 |
| Егорина А.В. РЕКРЕАЦИОННЫЕ ВОЗМОЖНОСТИ КАЗАХСТАНСКОГО АЛТАЯ В ЗИМНИЙ СЕЗОН | 29 |
| Ермек Г., Ауезова З.Т. СОВРЕМЕННЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ РАЗВИТИЯ ТУРИЗМА В ГОРОДЕ НУР-СУЛТАН..... | 33 |
| Жақупова А.А., Плохих Р.В., Исакова К.А., Қырықбаева Д.М. ОПЫТ ОРГАНИЗАЦИИ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ ПРАКТИК ПО СПЕЦИАЛЬНОСТИ «ТУРИЗМ» НА КАФЕДРЕ РЕКРЕАЦИОННОЙ ГЕОГРАФИИ И ТУРИЗМА КАЗНУ ИМ. АЛЬ-ФАРАБИ | 37 |
| Жақупова А.Р., Бейсембинова А.С. ПОДХОДЫ К ОЦЕНКЕ ТУРИСТСКО-РЕКРЕАЦИОННОГО ПОТЕНЦИАЛА ТЕРРИТОРИИ | 42 |
| Жандосова Г.Ө. ҚОНАҚЖАЙЛЫЛЫҚ ИНДУСТРИЯСЫНА МАМАНДАР ДАЯРЛАУДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР | 46 |
| Жунусова А.А. АНАЛИЗ СИСТЕМЫ ПОДГОТОВКИ КАДРОВ ДЛЯ ИНДУСТРИИ ТУРИЗМА И АКТУАЛЬНОСТЬ ДУАЛЬНОГО ОБУЧЕНИЯ | 49 |
| Исакова К.А., Қурбанова А.О. К ВОПРОСУ О СУЩНОСТИ И СОДЕРЖАНИИ ПОНЯТИЯ «ГАСТРОНОМИЧЕСКИЙ ТУРИЗМ»..... | 54 |
| Кораблев В.А. ПРОБЛЕМЫ СОВРЕМЕННОЙ ТЕОРИИ ТУРИЗМА | 58 |
| Қошқимбаева У.Т., Жетіру А.Ж. КИНЕМАТОГРАФИЯЛЫҚ ТУРИЗМНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ..... | 63 |
| Мұқашева А.М., Кузиева А.М., Аяпбекова А.Е. РАЗВИТИЕ ЭКОТУРИЗМА В ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ | 67 |
| Навруз-Зода Б.Н. ИННОВАЦИОННАЯ МОДЕЛЬ УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ ТУРИЗМА | 71 |
| Нұрұлы Е., Ақтымбаева А.С., Сапиева А.Ж., Қошқимбаева У.Т. ПОСЛЕДСТВИЯ «УТЕЧКИ УМОВ» ИЗ КАЗАХСТАНА И ЕГО ВОЗДЕЙСТВИЕ НА РАЗВИТИЕ ТУРИЗМА | 75 |
| Плохих Р.В., Ахмет Д.К. РАЗВИТИЕ И РЕФОРМИРОВАНИЕ ВЫСШЕГО ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ | 79 |

ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯ, ТУРИСТІК БІЛІМ САПАСЫ
НАУКА И ИННОВАЦИИ, КАЧЕСТВО ТУРИСТСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ
SCIENCE AND INNOVATION, QUALITY OF TOURISM EDUCATION

ҚАЗАҚСТАНДА АУЫЛ ТУРИЗМІН ДАМУДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

Алиева Ж.Н., Қырықбай А.Б., Калиаскарова З.К.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан
zhannat.alyeva@kaznu.kz

Андатпа. Ауыл туризмі маңызды әлеуметтік және дамытушылық рөл атқарады, әсіресе таулы және қолайсыз аудандарда, ауылдық аймақтарда немесе ауылдарда қосымша табыс көзі бола алады. Бұл туризм түрі табиғи ресурстарды қорғауды күшейте отырып, ауылдық жерлерді дамытуға және жандандыруға ықпал етеді. Ауылдағы туризм ауылдық жерлер үшін тұрақты даму стратегиясы бола алады, сонымен бірге тоқырау сатысында тұрған аудан үшін өнімді саралау құралы бола алады. Соңғы онжылдықта ауылдағы туризм феномені және ауылдық туризм кәсіпорындарының тап болатын мәселелері бойынша көптеген зерттеулер жүргізілді. Ауыл туризмі – бұл ауылдық аймақтарда және ауылдарда табиғи өмірдің негізгі базасы ретінде ауыл өмірін, өнерін, мәдениетін және мұрасын көрсету. Мұндағы мақсат жергілікті қоғамдастыққа экономикалық және әлеуметтік жағынан пайда әкелу, сонымен бірге туристер мен жергілікті тұрғындардың өзара әрекеттесуіне мүмкіндік беру. Мақалада ауыл туризмінің теориялық негіздері мен ауыл туризмінің маңызы талданып, осы туризм түрін Қазақстанда дамыту мүмкіншілігі қарастырылды. Ауыл туризмін дамытуды ынталандыру мен реттеу тәсілдерін әртараптандыруға байланысты бірқатар факторлар кешені көрсетілді. Ауыл туризмінің жалпы мемлекетке, жергілікті тұрғындарға және туристерге тигізетін әсері қарастырылды.

Түйінді сөздер: туризм, ауыл туризмі, агротуристік шаруашылық, ауылдық туризм моделі, ауыл, ауыл шаруашылық, экотуризм.

Аннотация. Сельский туризм играет важную социальную и развивающую роль, особенно в горных и неблагоприятных районах, в сельской местности или в деревнях. Этот тип туризма способствует развитию и возрождению сельских районов путем усиления защиты природных ресурсов. Сельский туризм может быть стратегией устойчивого развития сельских районов, а также может служить средством дифференциации продуктов для района на этапе стагнации. За последнее десятилетие было проведено множество исследований по вопросам феномена сельского туризма и предприятий сельского туризма. Сельский туризм является иллюстрацией сельской жизни, искусства, культуры и наследия как основы природной жизни в сельских районах и деревнях. Цель состоит в том, чтобы обеспечить экономическую и социальную выгоду для местного сообщества, а также дать возможность туристам и местным жителям взаимодействовать. В статье анализируются теоретические основы и значение сельского туризма и возможности развития этого вида туризма в Казахстане. Выявлен ряд факторов, связанных с диверсификацией подходов к стимулированию и регулированию развития сельского туризма. Анализируется влияние сельского туризма на государство, местное население и потребности туристов.

Ключевые слова: туризм, сельский туризм, агротуристское хозяйство, модель сельского туризма, деревня, сельское хозяйство, экотуризм.

Abstract. Rural tourism plays an important social and developmental role, especially in mountainous and disadvantaged areas, in rural areas or in villages. This type of tourism contributes to the development and revitalization of rural areas by enhancing the protection of natural resources. Rural tourism can be a strategy for sustainable rural development, and can also serve as a means of differentiating products for the area during the stagnation phase. Over the past decade, a lot of research has been done on the phenomenon of rural tourism and rural tourism enterprises. Rural tourism is an illustration of rural life, art, culture and heritage as the basis of natural life in rural areas and villages. The goal is to provide economic and social benefits for the local community, as well as to enable tourists and local residents to interact. The article analyzes the theoretical foundations and importance of rural tourism and the possibility of developing this type of tourism in Kazakhstan. A number of factors were identified related to the diversification of approaches to stimulating and regulating the development of rural tourism. The influence of rural tourism on the state, local population and the needs of tourists is analyzed.

Keywords: tourism, rural tourism, agritourism, rural tourism model, village, agriculture, eco-tourism.

Ауылдағы өмірді, өнерді, мәдениетті және мұраны көрсететін, осылайша жергілікті қауымдастыққа экономикалық және әлеуметтік жағынан пайда әкелетін, сонымен бірге бай туристік тәжірибе алу үшін туристер мен жергілікті тұрғындардың өзара әрекеттесуін жеңілдететін туризмнің кез-келген түрін ауылдық туризм деп атауға болады.

Соңғы онжылдықтарда Азия-Тынық мұхиты аймағындағы ауыл туризміне деген қызығушылық күрт өсті. Азиялық қалалық тұрғындарының қарқынды өсіп келе жатқаны, олардың жиі қалалық қарбалас тұрмыс-тіршіліктен алыс болуға және көбінесе ауылдық жерлерде демалуға ынталандырады.

Қазақстанда ауыл туризмі өзінің шынайы түрінде салыстырмалы түрде жаңа бағыт болып табылады. Қазақстанда ауылдық аймақтар кеңінен дамыған. Осындай ауылдық аймақтарда ауыл туризмін дамыту үшін алдымен, мүмкіндіктерді анықтау қажет. Одан кейін ауыл туризмінің қоғамға тигізетін пайдасы мен салдарын талдау қажет.

Ауыл туризмінде агроөнеркәсіптің дамуы да үлкен рөл атқарады. Ауыл шаруашылығын дамытуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалар, оның ішінде «Агробизнес-2020» бағдарламасы отандық ауыл

шаруашылығы өнімінің бәсекеге қабілеттілігін және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған шаралар жиынтығын қамтиды. Бірақ саладағы еңбек өнімділігінің төмен деңгейі, қолданылатын технологиялардың жетілмеуі, ауыл шаруашылығы өндірісінің ұсақтығы оны кең көлемде дамуға мүмкіндік бермей отыр. Ол үшін ауыл шаруашылығы қолда бар материалдық, еңбек және басқа да ресурстарды экологиялық талаптарға сәйкес толығымен қолдануды қамтамасыз ету керек [1].

Ауыл туризмі барлық жағынан ауылдық болып келетін жерлерге негізделуі керек. Ауыл туризміне жергілікті отбасылардың иелігіндегі шағын кәсіпорындарды қосып, туристік қызметтерді жергілікті ауылшаруашылық өндірісімен байланыстыру керек. Ауыл туризмі терминін географиялық термин ретінде де, ауылдық қауымдастықтардың мәдени қызметін сипаттайтын термин ретінде де қолдануға болады. Термин кейбір басқа терминдермен байланысты, мысалы, экотуризм, жасыл туризм, агротуризм және т.б.

Ауыл туризміне бір жағынан, ауылдық жерлерде өткізілетін туристік іс-шаралар жатқызылуы мүмкін, екінші жағынан, ол тек фермерлі туризм және агротуризммен шектелуі мүмкін. Кейде оған жабайы аймақтардағы туризм мен ауылдағы екінші үйлерде болу да жатады [2].

Таза ауыл туризмі ауылдық жерлерде орналасқан туризмнің бір түрі ретінде анықталған. Ауыл туризмінің ауқымы, сипаты мен қызметі әртүрлі болып келеді. Сондай-ақ ауыл туризмі келесідей сипаттамалардан тұрады [3]:

1. Ауылдық жерлерде орналасуы, негізінен ауылдарда;
2. Ауыл туризмінің сипаттамаларына негізделуі керек;
3. Аз мөлшерде болсын ғимараттар мен елді-мекендерге ие болуы;
4. Жергілікті тұрғындар мен отбасылармен байланысты болуы;
5. Күрделі экономикалық, экологиялық және тарихи сипаттамаларды ұсына алуы.

Ауыл туризмі қалалық туризмнен тәжірибе түрі, табиғи ресурстарды пайдалану, жергілікті халықты біріктіру және инфрақұрылымды дамыту тұрғысынан ерекшеленеді. Осыған байланысты көптеген шетел зерттеушілердің ауыл туризміне берген анықтамалары бар (кесте 1).

Кесте 1 – Ауыл туризмі анықтамалары [4]

| Зерттеушілер | Анықтамалары |
|----------------------------|---|
| Брэмвелл және Лейн, 1994 | Білім, өнер және мұра ауылдарда тек фермаларда ғана емес, сонымен бірге көп қырлы жерлерде де кездеседі. |
| Пэдфорд, 1996 | Тұжырымдамада ауыл дәстүрлері мен фольклоры, салт-дәстүрлері, құндылықтары, сенімдері және жергілікті халықтың жалпы мұрасы бар. |
| Кэрчер және Роббинс, 1998 | Ол туризмнің негізгі ағымынан тыс орналасқан шағын және аймақтық масштабта жұмыс істейді. |
| Рейчел, 2000 | Ауыл туризмі ауылдық ерекшеліктер мен ауылдық жерлердегі тұрақтылық ерекшеліктеріне негізделген. |
| Дональд және Джоллиф, 2003 | Ол өзінің дәстүрлері, мұралары, өнері, өмір салты, ұрпақ арасында сақталатын орындары мен құндылықтары бар ерекше ауылдық қауымдастыққа жатады. |
| Шарплей және Робертс, 2004 | Ауылдық туризм жылы климаты бар көптеген елдердегі жаппай туризмге қосымша болуы мүмкін, сонымен бірге туризм деңгейі төмен жерлерде инновациялық бастама бола алады. |
| Негруса, 2007 | Шағын тұрғын үй, ауыл қызметі мен тұрмыс салттары бар ауылдық жерлерде жергілікті тұрғындар ұсынатын туризм нысаны. |
| Даугстад, 2007 | Ауыл туризмі – бұл туристер мен фермерлер жиналатын арена. Бұл аймақта кейбір физикалық немесе эстетикалық өзгерістерді қамтамасыз етеді. |
| Ареф және Гил, 2009 | Тәжірибеге бағдарланған, ауылдық жерлер аз орналасқан және мәдениетті, мұра мен дәстүрді сақтауға негізделген туризм түрі. |
| Иршад, 2010 | Ауыл туризмі ауылдық жерлерде орналасқан, шағын қоғамдастықта дәстүрлі қоғамдар мен тәжірибелері бар. |
| Лоу, 2012 | Ауыл туризмі салаға арналған сараланған өнімдерді ұсынады. |

Осы анықтамаларға сүйене отырып, ауыл туризмі сыртқы демалысты жақсы көретін адамдар үшін қызығушылық тудырады деп айтуға болады және оған орналастыру, іс-шаралар, мерекелер, гастрономия, ашық демалыс, қолөнер бұйымдарын өндіру және сату сияқты арнайы қызметтер кіреді [5].

Қазақстандағы есепке алынған 7262 елді-мекендерді әлемдік қаржы институттарының тәжірибесі мен қалыптасқан халықаралық нормаларға сүйене отырып, 130 көрсеткіш (ауылдың базарға жақын-алыстығы, топырағының құнарлылығы, шағын кәсіпкерліктің өріс алуы, инженерлік инфрақұрылымдардың болуы, әлеуметтік даму деңгейі, ауыз суының сапасы, ауаның радиациялық жағдайы және т.б. көрсеткіштер) бойынша талдау жұмысы еліміздегі Елбасы Жарлығымен Қазақстан Республикасының Ауылдық аумақтарын дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы бойынша жүзеге асырылған.

Елімізде ауыл туризмін дамыту 2017 жылы қолға алынған. Оның дәлелі ретінде «Қазақстан халықаралық ауыл туризм» жобасын айтуға болады. Жобаны жүзеге асыратын орын ретінде Алматы түбіндегі ЮНЕСКО қамқорлығына алынған Таңбалы тас мекені таңдап алынған. Ол өте қызықты орын

болғанымен бүгінгі күні ешқандай инфрақұрылымы жоқ. Жергілікті адамдар да, шетелдіктер де оған барынша қызығушылық танытады. Өйткені, ондай орын әлемде өте аз. Сол жерде ауыл туризмін дамыту мүмкіндіктері бар. Төңірегінде ауыл үйлерін ашу жоспарланған. Ол қолға алынса, ауыл тұрғындарына туризммен ақша табуға жақсы мүмкіндіктердің бірі болады [6].

Сол сияқты Өскеменде өткен Халықаралық «Ауылдық туризм: шалғайдағы таулы аймақтарды дамыту ресурстары» атты тақырыпта өткен конференция аясында «Алтын Алтай – аймақ дамуының басты байлығы» атты жоба ұсынылды.

Ауыл туризмі қазіргі таңда Еуропалық мемлекеттерде, АҚШ, Аустралияда туризмнің дамыған түрі мен ауылдық аймақтардың негізгі табыс көзі болып отыр. Бұл ауылдық аймақтардың экономикалық жағын көтеріп қана қоймай, ауылдық аймақтарда инфрақұрылымның дамуына да өз әсерін тигізеді. Қазақстанда ауылдар мен ауылдық аймақтардың көп болуына байланысты және ауылдық аймақтардағы ерекше табиғат ерекшеліктері, мәдениетіміздің дамуы мен салт-дәстүріміздің бар болуы ауыл туризмін дамытуға қолайлы факторлар болып табылады.

Ауыл туризмін ауылдық жерлерді сақтау мен дамытудың маңызды құралы және оған байланысты туристік ағым деп тану ауылдық туризмді реттеудің әр түрлі тәсілдерінің ортақ негізгі элементі болып табылады. Ауыл туризмін дамытуды ынталандыру және реттеу тәсілдерін әртараптандыру бірқатар факторларға байланысты жүзеге асырылады:

- әртүрлі мақсатты құрылымдарды ауыл туризмін дамыту тиімділігінің негізгі көрсеткіштерін, туристік өнімдердің түрлерін, географиялық аймақтарды және т.б. таңдауда қолдануға болады;

- ауыл туризмі индустриясының дамуына мемлекеттік немесе аймақтық араласудың қарқындылығы әртүрлі болуы мүмкін;

- ауыл туризмін реттеу құралдарының әртүрлі құрамдары мен құрылымдары, ең алдымен тікелей немесе жанама реттеу әдістері тобында қолданылады;

- ауыл туризмін реттеу жүйесін ұйымдастырудағы едәуір айырмашылықтар.

Ауыл туризмінің мемлекетке, жергілікті ауыл тұрғындарына және туристерге беретін пайдасын тізбектеп көрсетуге болады [7].

Мемлекет үшін пайдасы: салық түсімдерінің ұлғаюы, қызмет көрсететін азаматтардың әл-ауқатын жақсарту. қызметтерді пайдаланатын азаматтардың денсаулығын жақсарту, мәдени дәстүрлерді жандандыру, шағын елді мекендерді сақтау, ауыл тұрғындарының өмір сүру жағдайларын жақсарту, ауыл тұрғындарының кірісінің өсуі, қосымша жұмыс орындарын құру арқылы ауылдан қалаға көші-қон ағынын азайту, халық әдет-ғұрыптары мен жоралғыларын оқуды ынталандыру, дәстүрлі құндылықтар мен өмір салтын жаңғырту және насихаттау, халық қолөнерін дамыту, аумақтың мәдени және тарихи мұрасын сақтау, ауылдық туризм қызметін ұсынатын меншік иесі тұрғысынан тиімділікті бағалау, қосымша табыс, өндірісті кеңейту және дамыту.

Жергілікті ауыл тұрғындары үшін пайдасы: жергілікті тұрғындарды жұмыспен қамту, оларды жұмыспен қамтамасыз ету, оларды халықаралық мәдениеттің құндылықтарымен таныстыру арқылы тұлғааралық қарым-қатынас мәселесін шешу, халықтың әлеуметтік әлсіз топтарын қолдау, тұрғын үй қорын жақсарту, ауылшаруашылық өнімдерін сатуды кеңейту.

Туристер үшін пайдасы: мәдени даму, жергілікті халықтың тарихымен, салт-дәстүрімен, дінімен, тағамдарымен танысу, қызметтің осы немесе басқа саласында дағдыларды игеру, қосымша демалыс орны, табиғаттың алуан түрлілігі, денсаулықты жақсарту мүмкіндігі.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, бұл іс-әрекетті үкімет деңгейіндегі саяси шешімді үйлестіруді, сонымен қатар жобаларды таңдауда теңдестірілген көзқарасты талап ететін қазақ ауылы мен жалпы Қазақстан Республикасының ауылдық аймақтарын қолдаудың стратегиялық әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-саяси жобасы ретінде қарастыру қажет. Шапшаң өзгеретін сән тұрғысынан туризмде экономикалық тұрғыдан перспективалы стратегиялық бағыт салынған аумаққа ғана тән тарихи, мәдени, әлеуметтік-мәдени, экологиялық және т.б. аспектілерді ескеру қажет. Себебі, ауыл туризмі тек ауыл жағдайына ғана емес, ондағы тұрғындардың тұрмыс-тіршілігіне, жалпы аудан, облыс, мемлекетке оң әсер тигізеді.

ЮНВТО есебіне сәйкес алдағы бірнеше жылда туристік ағым жыл сайын 3-5% -ға артады. Осы өсімге байланысты туристік үміттер де өзгереді. Бұл туристер жаңа туристер деп те аталады, олар өздерінің қызығушылығына негізделген демалысты қалайды және табиғатқа, түпнұсқа мен тәжірибеге негізделген туристік өнімдерді сатып алады. Ауылдық туризм туризмнің қарқынды дамып жатқан бір түрі ретінде туризм индустриясында кеңінен таралуда [8].

Ауыл туризмінің негізі болып келетін табиғи, тарихи және мәдени ортаны сақтау. Ауыл туризмін дамыта алатын аймақтарды анықтауда қиындықтар бар. Табиғи және жасанды орта үшін, туристер үшін де, жергілікті тұрғындар үшін де ауыл туризмінің бірқатар артықшылықтары бар. Ауылдық туризм ауылдық жерлердің тұрақтылығын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Табиғи ресурстардан экономикалық пайда күту қаупі ауылдық жерлер үшін маңызды қауіп болып табылады. Демек, ауылшаруашылық көздері

мен өнімдерін артық коммерцияландыру аймаққа келетін туристер санының азаюына әкелуі мүмкін. Бұл тұжырымдамада жақсы жоспарланған жоспарлау және аймақтың туристік мүмкіндіктерін анықтау өте маңызды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Программа по развитию агропромышленного комплекса в Республике Казахстан на 2013-2020 годы «Агробизнес-2020» [Электронды ресурс]: URL: <https://moa.gov.kz/ru/documents/411>. (дата обращения: 15.10.2019)
- 2 Oppermann M. Rural tourism in Southern Germany. – 1996.
- 3 Ayazlar G., Ayazlar R. Rural Tourism: A Conceptual Approach. – 2015.
- 4 Gabor M. A content analysis of rural tourism research. – Hungary, 2015.
- 5 Aylward E. Rural tourism development: proposing an integrated model of rural stakeholder network relationships. – Waterford Institute of Technology, 2009.
- 6 Ауыл туризмі – жаңғырту мен дамудың жаңа бағыты [Электронды ресурс]: URL: <http://oskementv.kz/kz/news/society/auyl-turizmi-zhangyrtu-men-damudyn-zhana-bagyty>. (дата обращения: 01.11.2019)
- 7 Хомич, С. А., Железняк, А., М. Бекта, М. Сравнительная характеристика развития моделей развития сельского туризма в странах Восточной Европы (на примере Украины, Беларуси, Польши). – ЭБ БГУ, 2010.
- 8 Насыров Г. Сельский туризм в системе устойчивого развития дестинации. – Санкт-Петербург, 2013.